



**Автор:** Мамбетова Акзира Шериповна

**Пән:** Геометрия

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Үшбұрыштар

**Тақырып:** Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы, сыртқы бұрыштар қайталау жинақтау сабағы

|               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақ мақсаты | Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теоремаларды өздігімен практикалық тұрғыда дәлелдеуге және тиімді қолдана білуіне жағдай жасау, қарапайым және шығармашылық есептерді шығару арқылы дағдыларын дамыту, тақырыпты бекіту. Алған білімін математикалық білімін тереңдетуге және кеңейтуге тиімді пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Өзін-өзі басқару дағдысын қалыптастыру. Топпен және жекелей жұмыс істей білуге, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. |
|---------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері             | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Ресурстар |
|-----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың басы<br>(2 мин)    | 1. Ұйымдастыру. 2 мин<br>2. Сабаққа кіріспе. Психологиялық ахуал тудыру<br>3 мин<br>Ш.Құдайбердиев жұмбағы: Бір нәрседен үш сипат қылдық хайла, Бұл жұмбақты шешерлік адам қайда? Бір сипатын ортадан кесіп алсам, Орнында тағы болар екеу пайда. Біреуі деп кесіп алып тастағаным, Үшеу болып жатады кей жағдайда                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |           |
| Сабақтың ортасы<br>(33 мин) | Өткенді қайталау. 5 мин. <a href="https://kahoot.com/Bilimland.kz">https://kahoot.com/Bilimland.kz</a> , видеожинақ, телевизиялық бағдарламалар, ұлы адамдар, 31-видео. Пифагор Самосский (2.25 минуттан бастап).<br>1. Практикалық жұмыс. 5 минут.<br><a href="http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=11561">http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=11561</a> Bilimland.kz видео. (Математика, үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы, 2 бет)<br>2. Есеп шығару: дайын сызбалармен жұмыс. 7 минут.<br><a href="http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=11561">http://bilimland.kz/kk/content/structure/851-math#lesson=11561</a> Bilimland.kz. (Математика, үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы, 7-9 бет)<br>1. Шығармашылық есептер орындау. Топпен жұмыс. 10 мин<br>2. Бекіту. Тесттік жұмыс. 7 мин |           |
| Сабақтың соңы<br>(5 мин)    | Рефлексия. «4 сатылы бағалау» Төмендегі 4 бөлім бойынша өзіндік баспалдаққа орналастыр. Төменгі саты: нашар, жоғарғы саты: өте жақсы. Үйге тапсырма беру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |           |